ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2025 жылғы 13 қараша

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті әріптестер, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерде радиоактивті материалдарды трансшекаралық тасымалдау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Нәутиев Әлібек Ибатуллаұлына беріледі.

НӘУТИЕВ А.И. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің назарларыңызға «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерде радиоактивті материалдарды трансшекаралық тасымалдау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылады.

Қарастырылып отырған келісім бейбіт атом энергетикасының дамуы мен радиоактивті материалдарды пайдаланудың аймақта қауіпсіз, бақылауда әрі тиімді түрде өтуін жүзеге асыруға бағытталған құжат.

Радиоактивті материалдармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік адамдарды қорғаудың, сондай-ақ қазіргі уақытта және болашақта қоршаған ортаны сақтаудың қажетті бір шарты болып табылады.

Келісімге 2020 жылғы 6 қарашада Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Үкімет басшылары кеңесінің отырысында қол қойылды.

Келісім радиоактивті материалдарды трансшекаралық тасымалдауды бақылауды қамтамасыз етуге, оған қатысушы мемлекеттердің аумақтарында жүзеге асырылатын теміржол, автомобиль, теңіз, ішкі су және әуе көлігімен радиоактивті материалдарды трансшекаралық тасымалдаумен байланысты процестердің тұрақты жұмыс істеуіне арналған бірлескен іс-қимылдарына бағытталған.

Келісімде трансшекаралық тасымалдарға рұқсат беру құжаттары беріле алатын талаптар айқындалған. Оларға сәйкес ядролық және радиациялық қауіпсіздік, радиоактивті материалдарды физикалық қорғау, трансшекаралық тасымалдау кезінде авариялар болған жағдайда авариялық дайындыққа ден қою көзделген.

Сонымен қатар радиоактивті материалдарды трансшекаралық тасымалдауға арналған шартта авариялардың алдын алу жөніндегі іс-шаралар, сақтандыру және басқа да қаржылық кепілдіктер, сондай-ақ радиоактивті материалдарды физикалық қорғау және күзет үшін жауапкершілікті беру тәртібі көзделеді.

Қорытындылай келе айтарым, келісім ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ұлттық рәсімдерін МАГАТЭ-нің халықаралық қауіпсіздік нормаларымен үйлестіруге бағытталған құқықтық негіз қалыптастырып, сол арқылы радиоактивті материалдарды қауіпсіз және тиімді трансшекаралық тасымалдау үшін құқықтық өрісті қамтамасыз етеді.

Сенаттың тұрақты комитеттерінен заң бойынша ескертулер мен ұсыныстар болған жоқ. Заң жұмыс тобы мен комитет отырысында жан-жақты және толыққанды талқыланып, қаралды.

Құрметті әріптестер! Жоғарыда баяндалғандардың негізінде Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерде радиоактивті материалдарды трансшекаралық тасымалдау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Нұғманов Амангелді Шайхоллаұлына беріледі.

НҰҒМАНОВ А.Ш. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Вопрос адресован представителю Агентства Республики Казахстан по атомной энергии.

Учитывая, что предмет ратифицируемого соглашения касается порядка безопасности и контроля трансграничных перевозок радиоактивных материалов, в том числе медицинских изотопов, промышленных источников ионизирующего излучения, компонентов для научных и технологических целей, на практике именно такие небольшие по объему, но высокоактивные источники являются объектом интереса для нелегального оборота.

По данным МАГАТЭ, за последние два десятилетия в мире зарегистрировано более 3000 случаев утраты контроля над радиоактивными источниками, что свидетельствует о реальности угрозы их незаконного оборота.

Прошу разъяснить следующее.

Во-первых, каким образом будет обеспечено функционирование на территории Республики Казахстан системы ядерной и радиационной безопасности, направленной на своевременное обнаружение, предотвращение и пресечение попыток незаконного ввоза, вывоза и транзита радиоактивных материалов?

Во-вторых, какое межведомственное и международное взаимодействие предусмотрено в рамках соглашения с компетентными органами государств – участников Содружества Независимых Государств для оперативного обмена информацией о рисках, перемещениях, подозрительных операциях и инцидентах?

В-третьих, какие технические и организационные меры, например, радиационный мониторинг, контроль на пунктах пропуска, обмен данными, подготовка персонала и другие, планируется реализовывать после вступления соглашения в силу на территории Республики Казахстан? Рақмет.

ТӨРАҒА. Атом энергиясы жөніндегі агенттік төрағасының орынбасары Серғазин Ғұмар Екпінұлы, жауап беріңіз.

СЕРҒАЗИН Ғ.Е. Сәлеметсіздер ме, құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сұрағыңызға рақмет.

Во-первых, хочу отметить, что в 2010 году мы ратифицировали пять основных конвенций Международного агентства по атомной энергии. В рамках данных конвенций мы привели в соответствие наше национальное законодательство. Наше национальное законодательство полностью соответствует международным требованиям ядерной, радиационной, ядерной физической безопасности, в том числе процедурам при трансграничных перевозках и внутри территории Республики Казахстан.

Для осуществления транзита имеется несколько процедур. Во-первых, перевозчик должен получить соответствующую лицензию в Комитете атомного надзора и контроля для транспортировки по территории Республики Казахстан, соответственно, он должен предоставить, кто у него будет ответственным за радиационную безопасность, необходимо в обязательном порядке обеспечить физическую охрану данного груза, а также наличие аварийной карточки и другие процедуры.

После этого радиоактивный материал транспортируется в специальных транспортных упаковочных комплектах (ТУК). Если эти транспортные упаковочные комплекты будут изготовлены на территории Республики Казахстан, то мы их утверждаем. Если эти транспортные упаковочные комплекты будут из страны транзита, то мы проверяем их на соответствие международным требованиям и выдаем сертификат о распространении действия этих ТУК, чтобы они могли транспортировать через территорию Казахстана.

Кроме того, получает лицензию на транзит в Комитете промышленности при согласовании... Мы является согласующим государственным органом, видим, сколько материалов будет провозиться, из какой точки в какую точку.

То, что касается радиационного мониторинга. У них имеется ответственность за радиационный мониторинг данного груза, также на таможенных и пограничных постах имеются расписаны, где осуществляется радиационный контроль.

Кроме того, имеется несколько соглашений в рамках государств – участников Содружества Независимых Государств, которые мы подписали, об оперативном реагировании и обмене информацией в случае возникновения каких-либо инцидентов.

Помимо того, в сентябре 2024 года к этому соглашению разработан План мероприятий, в котором имеются определенные пункты, где будет создана рабочая группа, будет изучаться нормативная правовая база, чтобы привести ее в соответствие, единые требования при необходимости, будут определяться определенные пункты оповещения в случае возникновения каких-либо ограничений на территории трансграничных стран, чтобы могли оперативно обмениваться информацией, говорить, какие посты, определять, через какие посты будет обеспечиваться данный груз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Байқадамов Наурызбай Сейтқалиұлына беріледі.

БАЙҚАДАМОВ Н.С. Рақмет.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің өкіліне.

Қаралып отырған келісімнің 13-бабы тасымалдау барысында авариялар, тосын оқиғалар және радиациялық қауіпсіздікке төнетін қатерлер кезіндегі өзара іс-қимыл тәртібін реттейді. Осыған орай сұрақтар туындайды.

Бірінші. Авариялық жағдай туындаған кезде тараптар қандай шаралар қабылдайды және оқыс оқиға салдарын жою жөніндегі құзыретті органдардың іс-қимылдарын үйлестіру қалай жүзеге асырылады?

Екінші. Тосын оқиға нәтижесінде зиян келтірілген жағдайда төтенше жағдайды жою шығындары және зардап шеккендерге төлемдерді өтеу мәселесі қалай шешілетін болады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ғұмар Екпінұлы, жауап беріңіз.

СЕРҒАЗИН Ғ.Е. Сұрағыңызға рақмет.

Как было отмечено, мы присоединились к нескольким конвенциям, в том числе к конвенциям об оперативном оповещении о ядерной аварии и о помощи в случае ядерной аварии или радиационной аварийной ситуации.

Прежде чем осуществлять транзит, как я до этого отметил, при получении лицензии они показывают, кто у них будет ответственным за радиационную безопасность, также у них должна быть аварийная карточка в случае возникновения инцидента, как они будут реагировать на локализацию, как предотвратить данную аварию, как привести в безопасное состояние, если произойдет инцидент.

В 2016 году мы приняли постановлением Правительства Национальный план реагирования на ядерные и радиационные аварии, где прописаны полномочия и компетенции всех государственных органов, в том числе эксплуатирующих организаций.

Помимо того, мы ратифицировали Венскую конвенцию о гражданской ответственности за ядерный ущерб, в которой определена ответственность сторон.

Кроме того, при трансграничных перевозках именно контрактом определяется, кто понесет ответственность, грузоотправитель, грузополучатель либо транспортирующая компания. Рақмет.

ТӨРАҒА. То есть вопрос компенсации, устранения ущерба будет прописан в контракте?

СЕРҒАЗИН Ғ.Е. Да, в контракте.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.
Рақмет, Әлібек Ибатуллаұлы. Орныңызға отырыңыз.
Енді заңды талқылауға көшейік.
Сөз депутат Бұқтұғұтов Шәкәрім Сабырұлына беріледі.

БҰҚТҰҒҰТОВ Ш.С. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Согласно определению Международного агентства по атомной энергии радиоактивный материал – это материал, содержащий радионуклиды, в котором концентрация активности, а также полная активность груза превышают значения, указанные в Правилах безопасной перевозки радиоактивных материалов МАГАТЭ.

При этом основными радиоактивными материалами, которые перевозятся через территорию Казахстана, являются америций-241, цезий-137, кобальт-57, иридий-192, германий-192, барий-133, природный уран и другие.

Как всем известно, наша страна является крупнейшим производителем урана в мире. Казахстан занимает второе место в мире по запасам урана, на долю которого приходится 14 процентов от мировых запасов.

Согласно официальным данным, за четырехлетний период, с 2021 года по 2024 год, экспорт урана вырос с 19,7 тысячи тонн до 23,8 тысячи тонн. При этом за первое полугодие 2025 года объем экспорта урана составил 8,8 тысячи тонн. Соответственно, рост экспорта урана из нашей страны требует повышенного внимания к безопасности, о чем сейчас говорили, поскольку увеличение объемов и география поставок повышают риски, связанные с его транспортировкой.

Рассматриваемое соглашение направлено на обеспечение безопасности трансграничных перевозок радиоактивных материалов, исключение необоснованных задержек при трансграничных перевозках радиоактивных материалов.

На сегодня три государства – участника Содружества Независимых Государств (Кыргызская Республика, Российская Федерация, Республика Беларусь) ратифицировали соглашение.

Ожидается, что рассматриваемое соглашение будет содействовать повышению ядерной и радиационной безопасности и оптимизации национальных требований к перевозкам радиоактивных материалов с учетом принципов обеспечения физической защиты.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып әріптестерімді заңды қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерде радиоактивті материалдарды трансшекаралық тасымалдау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Қаралған келісім ТМД елдері арасында бейбіт мақсатта радиоактивті материалдардың тасымалдану мәселелерін реттеу үшін жасалған. Құжатта тасымалдау кезінде халықты және қоршаған ортаны зиянды әсерден қорғауға бағытталған шаралар қарастырылып отыр. Сондай-ақ апаттық жағдайлардың алдын алу мәселелері де реттелген. Жалпы, заң ТМД мемлекеттері арасында осы саладағы ынтымақтастықты нығайтуға өз үлесін қосады деп сенеміз.

Осы заң бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті сенаторлар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы қылмыскерлікке қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің хатшысы Больгерт Евгений Андреевичке беріледі.

БОЛЬГЕРТ Е.А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Уважаемые коллеги! В условиях усиления транснациональной преступности международное сотрудничество в правоохранительной сфере приобретает стратегическое значение.

Закон «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Туркменистана о сотрудничестве в борьбе с преступностью» является важным шагом в укреплении правовой защиты граждан и обеспечении региональной безопасности.

Соглашение было подписано 10 октября 2024 года в Ашхабаде в рамках официального визита Главы государства в Туркменистан.

Соглашение создает правовую основу для эффективного взаимодействия и охватывает весь комплекс современных угроз, включая организованную преступность, терроризм и экстремизм, коррупционные и экономические преступления, преступления в сфере информационных технологий, предусматривает возможность расширения сотрудничества по иным видам преступлений.

Сотрудничество осуществляется через:

исполнение взаимных запросов;

обмен оперативно-розыскной и криминалистической информацией;

обмен опытом, специалистами;

содействие в обучении и повышении квалификации правоохранительных органов.

Таким образом, документ обеспечивает не только оперативное взаимодействие, но и развитие профессиональных компетенций.

Следует отметить, что Казахстан имеет аналогичные соглашения с более 20 странами, включая Турцию, Узбекистан, Францию, ОАЭ и другие.

Ратификация соглашения создаст надежную правовую основу для двустороннего взаимодействия, повысит эффективность расследования преступлений и укрепит национальную и региональную безопасность, укрепит взаимное доверие между компетентными органами.

Замечаний и предложений по закону от постоянных комитетов Сената не поступало.

С учетом вышеизложенного Комитет по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам в соответствии с пунктом 4 статьи 61 Конституции Республики Казахстан рекомендует одобрить Закон «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Туркменистана о сотрудничестве в борьбе с преступностью».

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Булавкина Ольга Александровнаға беріледі.

БУЛАВКИНА О.А. Спасибо уважаемый Маулен Сагатханулы.

Мои вопросы к заместителю Министра внутренних дел Адилову Санжару Аскеновичу.

Ратификация Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Туркменистана о сотрудничестве в борьбе с преступностью открывает новые возможности для совместного противодействия организованной преступности, терроризму, незаконному обороту наркотиков и торговле людьми. При этом эффективная реализация соглашения требует четкого понимания ресурсного обеспечения, прозрачности процедур и согласованности с другими международными обязательствами Республики Казахстан.

В связи с этим прошу дать разъяснения по следующим вопросам.

1. Как министерство обеспечивает координацию данного соглашения с другими существующими международными и региональными договорами Республики Казахстан в области борьбы с преступностью? К примеру, между странами Содружества Независимых Государств уже имеется Соглашение об обмене информацией в сфере борьбы с преступностью. Не происходит ли дублирования международных обязательств?

2. Будет ли сотрудничество включать обмен опытом и совместные действия в сфере киберпреступности, включая мошенничество, хакерские атаки и распространение запрещенного контента? Спасибо.

ТӨРАҒА. Ішкі істер министрінің орынбасары Әділов Санжар Әскенұлы, жауап беріңіз.

ӘДІЛОВ С.Ә. Большое спасибо за вопросы, Ольга Александровна.

Хотел бы отметить, что соглашение в рамках Содружества Независимых Государств было подписано в 2009 году. Основной акцент был сделан на обмене информацией, это криминалистические и оперативные учеты. Здесь важно подчеркнуть, что оно было в рамках межгосударственного информационного банка.

А данное соглашение между Казахстаном и Туркменистаном открывает возможности оперативно реагировать на современные вызовы, такие как торговля людьми, правильно Вы отметили, вопросы киберпреступности. На сегодня с коллегами из Туркменистана налажено прямое взаимодействие, есть каналы связи. Поэтому никаких форм дублирования не предусмотрено. Уверен, работа у нас будет плодотворной, прежде всего направлена на защиту прав и свобод наших граждан. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Алтынбек Нухұлына беріледі.

НУХҰЛЫ А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің өкіліне.

Келісімнің 4-бабы 1-тармағында «Қылмыстардың жолын кесу, алдын алу немесе оларды ашу үшін қажетті сұрау салуларды шұғыл орындау талап етілген жағдайларда тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары осы келісімді орындау үшін алдын ала өтініш білдіре алады, ал сұрау салуды кейіннен келісілген арналар арқылы дереу жазбаша растайды» деп анықталған. Осы орайда сұрақ туындады.

Бұл жерде «кейіннен келісілген арналар арқылы дереу жазбаша растайды» деген нормаға түсінік берсеңіз, яғни бұл қандай арна және жазбаша растау қанша мерзімде рәсімделіп расталатын болады? Сондай-ақ «қажетті сұрау салуларда» қателіктер орын алып, азаматтардың құқығының бұзылуына жол беріп алмаймыз ба?

Келесі сұрақ. Келісімнің 7-бабында тараптардың өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес қолжетімділігі шектелген деп танылған алынған ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету және оны тартпау үшін барлық шараларды қабылдайды деп қарастырылған.

Бұл талаптар орындалмаған жағдайда тараптар үшін және жауапты тұлғалар үшін қандай жауапкершілік қаралған? Рақмет.

ТӨРАҒА. Санжар Әскенұлы, жауап беріңіз.

ӘДІЛОВ С.Ә. Сұрағыңызға рақмет.

Расымен бұл норма тапсырмаларды жедел шешу үшін қажет.

Біріншіден, қылмыстық істерге немесе қылмыстарды ашу процесіне қарайтын болсақ, басында ауызша немесе телефон арқылы хабар аламыз, кейін Түрікменстан тарапы міндетті түрде бір тәуліктің ішінде жазбаша түрде ақпарат, сұраныс жібереді. Бұл мәселеге арнайы ережелер керек емес, жұмыс тәртібінде осы алгоритм бізде көзделген.

Екінші сұраққа келетін болсақ, қазіргі таңда біздің ұлттық мүддеміз, біздің тәуелсіздігіміз бірінші орында. Егер Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес келмейтін болса осындай нормаларды немесе сұраныстарды орындаудан бас тартуға құқылымыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Бұқтұғұтов Шәкәрім Сабырұлына беріледі.

БҰҚТҰҒҰТОВ Ш.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер, сұрағым Ішкі істер министрлігінің өкіліне.

В пункте 5 статьи 4 соглашения указывается, что запрашиваемая сторона имеет право полностью или частично отказаться от выполнения запроса, если выполнение запроса ставит под угрозу суверенитет, безопасность, общественный порядок, нормы организации и деятельности государственной власти или другой важный интерес государства, или если выполнение такого запроса противоречит национальному законодательству его государства или его обязательствам, являющимся результатам международных договоров.

В этой связи у меня два вопроса.

Первый вопрос. Можете конкретно назвать, какие именно виды запросов могут получить отказ в исполнении? Что будет являться основанием для отказа?

Второй вопрос. Во многих подобных соглашениях, ратифицированных нашей страной, предусматриваются нормы, согласно которым также может быть отказано в запросе, если это повлечет нарушение прав, свобод и законных интересов граждан.

Почему в данном соглашении не предусмотрели такое основание для отказа в выполнение запроса? Рақмет.

ТӨРАҒА. Жауап беріңіз.

ӘДІЛОВ С.Ә. Спасибо за вопросы.

Здесь четко и актуально надо ответить. Почему? Потому что мы должны понимать, что отказ от исполнения запроса с нашей стороны должен быть юридически обоснован. Если идет угроза суверенитету, безопасности, есть моменты противоречия нашему законодательству, конечно, в первую очередь это интересы национальной безопасности, интересы Республики Казахстан, если, условно, уголовная ответственность либо иная ответственность не предусмотрена законодательством Республики Казахстан, в то же время предусмотрена законодательством Туркменистана, то во всех этих случаях мы исходим из интересов нашей страны и вправе отказаться.

По конкретным запросам, которые есть, прежде всего обмен информацией. У нас налажены каналы связи, причем их несколько.

Во-первых, в рамках Бюро Интерпола в системе органов внутренних дел.

Во-вторых, в каждом подразделении, особенно это касается криминального блока, в Департаменте криминальной полиции, Следственном департаменте налажены прямые контакты по получению запросов. Далее через каналы Генеральной прокуратуры, у нас

Департамент международного сотрудничества и Служба уголовного преследования, через которые мы получаем запросы об оказании международной... следственных поручений.

Конкретный перечень в рамках соглашения касается, еще раз повторю, вопросов противодействия и борьбы с киберпреступностью, наркобизнесом, торговлей людьми.

Это соглашение даст возможность получить новый импульс взаимодействия наших стран не только в социально-экономическом, но и в правоохранительном направлении. Спасибо.

ТӨРАҒА. Вторая часть вопроса касалась того, почему в данном соглашении не предусмотрено такое основание для отказа, как нарушение прав наших граждан или граждан Туркменистана. Основания для отказа в предоставлении информации, если такой запрос нарушает права наших граждан. Почему этот пункт не был включен в соглашение, как в другие международные соглашения?

Шакарым Сабырович, об этом Вы спрашивали?

БҰҚТҰҒҰТОВ Ш.С. Абсолютно верно.

ТӨРАҒА. Пожалуйста.

ӘДІЛОВ С.Ә. Хотелось бы отметить, что это основополагающая норма международного права, она предусматривает, что интересы страны, интересы национальной безопасности превыше всего.

В данном соглашении не дублировали этот вопрос ни туркменская сторона, ни наша сторона. Я думаю, возвращаться к этому вопросу нет смысла, он уже проработан на уровне международных принципов. Мы дальше будем продолжать успешно взаимодействовать с туркменской стороной. Аналогичная проблема не имела места. Спасибо.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Евгений Андреевич. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Қадырбек Мұрат Болатұлына беріледі.

ҚАДЫРБЕК М.Б. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қаралып отырған заңда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы қылмыскерлікке қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау көзделген. Келісім қылмысқа қарсы күрес саласындағы екіжақты ынтымақтастықтың құқықтық негізін құрайтын болады.

Құжат өзара ынтымақтастықты дамытуға және қылмысқа қарсы күрестің тиімділігін арттыруға, сондай-ақ екі мемлекет азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету саласындағы өзара іс-қимылды дамытуға бағытталған.

Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар 1992 жылы орнатылып, сол кезден бастап достық пен стратегиялық әріптестік

рухында қалыптасып, тұрақты түрде нығайып келеді. Ел экономика, мәдениет, білім беру саласында белсенді қарым-қатынас жасауда.

Қазақстан мен Түрікменстан мемлекетішілік және трансұлттық қылмыскерлікке тиімді қарсы тұру үшін құжатта көзделген қылмыстар бойынша ғана емес, сондай-ақ екіжақты келісіммен басқа да қылмыстарға қарсы күресте өзара іс-қимылды жүзеге асыратын болады.

Келісімді ратификациялау Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы құқық қорғау саласындағы ынтымақтастықтың жаңа кезеңінің бастамасы болатыны сөзсіз.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мен қаралып отырған заңды қолдаймын және әріптестерімді оны қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы қылмыскерлікке қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Қаралған заң елдеріміздің қылмысқа қарсы бірлескен шараларын жүзеге асыру үшін құқықтық негіз қалыптастырады.

Келісімде өзара іс-қимыл бағыттары қамтылған. Олардың қатарында ұйымдасқан қылмыс, терроризм мен экстремизм, есірткі айналымы, заңсыз көші-қон мен адам саудасына қарсы күрес шаралары бар. Сондай-ақ өзге де маңызды бағыттар бойынша уәкілетті органдар арасындағы серіктестікті тереңдету тетіктері қарастырылған. Жалпы, бұл заң екі елдің қылмысқа қарсы күрес саласындағы ынтымақтастығын нығайтуға өз үлесін қосады деп сенеміз.

Осы заң бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Құрметті әріптестер, депутаттық сауалдар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ

СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2025 жылғы 13 қараша

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерде радиоактивті материалдарды трансшекаралық тасымалдау туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Соглашения о трансграничных перевозках радиоактивных материалов в государствах – участниках Содружества Независимых Государств», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Ә.И. НӘУТИЕВТІҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству НАУТИЕВА А.И. 1

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

НҰҒМАНОВ А.Ш. 2

СЕРҒАЗИН Ғ.Е. – Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары, заместитель председателя Агентства Республики Казахстан по атомной энергии 3

БАЙҚАДАМОВ Н.С. 4

СЕРҒАЗИН Ғ.Е. 4

БҰҚТҰҒҰТОВ Ш.С. 5

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі арасындағы қылмыскерлікке қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Туркменистана о сотрудничестве в борьбе с преступностью», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің хатшысы Е.А. БОЛЬГЕРТТІҢ баяндамасы

Доклад секретаря Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам БОЛЬГЕРТА Е.А. 6

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

БУЛАВКИНА О.А. 7
ӘДІЛОВ С.Ә. – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары, заместитель Министра внутренних дел Республики Казахстан 8
НУХҰЛЫ А. 8
БҰҚТҰҒҰТОВ Ш.С. 9
ӘДІЛОВ С.Ә. 9
ҚАДЫРБЕК М.Б. 10

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы» РМК директоры М. Искаков

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы» РМК
Стенографиялау қызметінің басшысы Г. Молдашева